

Ақтау қаласы және қала жанындағы елді мекендерде жануарларды ұстау ережелері туралы

Күшін жойған

Ақтау қаласы мәліхатының шешімі. 2002 жылғы 15 қазандағы N 26/242. Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 09 қаңтарда N 1245 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 2/25 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 2012.04.12 № 2/25 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы заңының 6 бабы 1 тармағы 8 тармақшасына сәйкес қалалық мәслихат шешім етеді:

1. Ақтау қаласы және қала жанындағы елді мекендерде жануарларды ұстау ережелері бекітілсін (жалғанады).
2. Осы шешім өз күшіне жарияланған күннен кейін күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Ақтау қалалық

мәслихатының хатшысы

Ақтау	қалалық	мәслихатының
15.10.2002	жылғы	N 26/242
сессиясының	"Ақтау	қаласы және
қала жанындағы	елді	мекендерде
жануарларды ұстау		ережелері
туралы" шешімімен бекітілді		

Ақтау қаласы және қала жанындағы елді мекендерде жануарларды ұстау ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ережелер Ақтау қаласындағы, Өмірзақ поселкесіндегі, Маңғыстау, Баянды селоларындағы және Қызылтөбе селолық округіндегі жануарлардың барлық иелеріне, меншік нысанымен ведомстволық бағынысына қарамастан, ұйымдар мен кәсіпорындарға таратылады. **<*>**

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтау қаласы мәслихатының 2005

2. Жануарларды ұстауды міндетті шарты болып мыналар табылады:

1) ветеринария бөлімінде жыл сайын қайтадан тіркеуден өткізу, ерекше қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы вакцинация жасату және паразитарлық ауруларға қарсы жоспарлы алдын алып өңдеу жасату;

2) жаңадан алған жануарлар екі апталық мерзімде ветеринария бөлімінде қаралуға және тіркелуге, тіркелу анықтамасын алуға тиіс;

3) санитарлық-гигиеналық, ветеринарлық-санитарлық ережелермен нормаларды сақтау.

3. Жануарларды қаладан тысқары жерлерге алып кету мен сату, тіркеу куәлігі негізінде, ветеринария бөлімі беретін, вакцинация мен дегельминтизация датасы көрсетілген, белгіленген үлгідегі ветеринарлық куәлік рәсімделген кезде қана рұқсат етіледі.

4. Жануарларды теңізге, адамдар дем алатын басқа да табиғи және жасанды суларға түсіруге тиым салынады.

5. Мамандырылған коммуналдық кәсіпорындар жануарларды ветеринарлық дәрігердің қорытындысы бойынша алады және оқшаулайды. Оқшаудағы жануарларды ұстауға байланысты барлық шығындар, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 10.07.2002ж. N№339-11 заңына сәйкес, иелері есебінен өтеледі.

2. ЖАНУАРЛАР ИЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫ

6. Кез келген жануар иелердің меншігі болып табылады және кез келген меншік сияқты заңмен күзетіледі.

3. ЖАНУАРЛАР ИЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

7. Жануарлардың иелері мыналарға міндетті:

1) оларды биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес асырау, жануарларға адамгершілікпен қарау, оларды қараусыз қалдырмау, ауырған жағдайда уақытында ветеринарлық көмек көрсету;

2) оларды асырайтын және қыдыртатын жерлерде тиісті санитарлық жағдайды сақтау;

3) ветеринарлық мекемелердің талабы бойынша қарау, диагностикалық зерттеу және емдеп алдын алып өңдеу үшін уақытында апарып тұру;

4) адамдар мен жануарлардың айналасында қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қажетті шараларды алу;

5) жануарды одан әрі бағу мүмкіндігі жоқ кезде, оны басқа

иегерге немесе ветеринарлық мекемеге тапсыру;

6) жануарларды алу, жоғалту немесе оның өлімі туралы тұрғын жері бойынша мемлекеттік ветеринарлық қызмет органына хабарлау;

7) жануарлар адамды немесе жануарды қапқан кезде иесі бұл туралы жақын маңдағы медициналық және ветеринарлық мекемелерге хабарлауға тиіс, жануарларды мамандардың қадағалауымен қаралым және карантин жасау үшін ветеринарлық мекемеге жеткізу;

8) жануарлардың мүрдесін алып кету және жоқ қылу үшін "Көктем" қалалық коммуналдық кәсіпорнына хабарлау. Оларды лақтыруға немесе жерге көмуге тыйым салынады.

4. ИТ ПЕН МЫСЫҚ АСЫРАУ

8. Мыналарға рұқсат етіледі:

1) жануарларды тұрғын орын жайларда, соның ішінде туыстық байланысы жоқ, өзара келісімдері бар, медициналық қайшы көрсеткіштері жоқ екі немесе одан да көп от басылары тұратын пәтерлерде ұстауға;

2) жануарларды, жолаушылардың алаңдаушылығын болдырмайтын жағдайды сақтай отырып, көліктің барлық түрлерінде алып жүруге рұқсат етіледі .

9. Мыналарға тыйым салынады:

1) азаматтарға қоғамдық орындарға итпен торлы ноктасыз және қарғы баусыз қыдыруға және баруға;

2) жануарларды ортақ қолданылатын жерлерде: асханада, дәлізде, баспалдақ алаңдарында, үй шатырларында, төлелерде сондай-ақ балкондарда және л о д ж и я л а р д а б а ғ у ғ а ;

3) жануарларға подъездерді, баспалдақ алаңдарын, лифтілерді, сондай-ақ спорт, балалар алаңдарын, газондарды, тротуарларды, саяжай аумағын л а с т а т у ғ а . Егер де жануар осы жерлерде қиын тастаған болса, оны иелері жедел а л у ғ а т и і с .

10. Қоғамдық орындарда, иелері дүкендердің, емханалардың, дәріханалардың, тұрмыстық-қызмет кәсіпорындарының және басқалардың жанына байлап кеткендерден басқа, қасында адамы жоқ иттер мен мысықтар қараусыз деп саналады және "Көктем" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының а у л а у ы н а ж а т а д ы . < * >

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтау қаласы мәслихатының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 19/153 шешімімен.

11. Тұрғын үйлер жанында иттерді қыдыртқан кезде олардың иелері тыныштықты қамтамасыз етуі қажет, иттерді үргізбеуге тиіс. Иттерді

осындай мақсатқа арнауы бөлінген алаңдарда қыдырту керек. Жол-көлік уақиғасынан қашық болу үшін итті көшеден және үлкен жолдардан өткенде қарғы бауда ұстау керек.

5. ҮЙ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАНУАРЛАРЫН, ҚҰСТАР МЕН АРАЛАРДЫ БАҒУ

12. Селитебті аймақта ауылшаруашылық жануарларын құстарды және араларды бағуға, жайылтуға, айдауға тыйым салынады. Селитебті аймақ қоршаған ортаны күзету басқармасының келісімі бойынша қала әкімінің ш е ш і м і м е н а й қ ы н д а л а д ы .

13. Азаматтарға, кәсіпорындар мен ұйымдарға қаланың селитебті аймағынан тысқары жерлерде үй жануарларын қорада бағуға рұқсат етіледі.

14. Қаланың селитебті аймағында жүрген ауыл шаруашылық жануарларын " Көктем" мемлекеттік коммуналдық мекемесінің мамандандырылған қызметі ұ с т а й д ы .

Қараусыз қалған жануарларды ұстау мен кері қайтару Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 246-бабына сәйкес реттеледі. <*>

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Ақтау қаласы мәслихатының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 19/153 шешімімен.

15. Үй, ауылшаруашылық жануарлары, құстар мен аралар, қолданыстағы нормаларға сәйкес, дара сектордың тұрғын үйлерінен, стадиондардан, қоғамдық тамақтандыру, сауда, азық-түлік өнеркәсібі кәсіпорындарынан, көп пәтерлі үйлерден, жаппай демалыс орындарынан, сауықтыру балалар лагерінен, демалыс үйлерінен, санаториялардан, табиғи және жасанды сулардан, артезиан құдықтарынан қашықта орналасқан, арнайы жабдықталған жабық орын жайларда ұсталады.

Қала маңайындағы поселкелердің бір қабатты үйлерінде бірнеше отбасылары тұрған кезде жануарларды, құстар мен араларды осы үйде тұратын көрші отбасыларының келісімімен, белгіленген ветеринарлық, санитарлық ережелерді сақтай отырып бағуға болады.

16. Экзотикалық жануарларды тұрғын үйлерде, жабайы және үй жануарларын мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің, мектептердің, оқушылар сарайының, дүкендердің зообұрыштарында, қаланың ветеринарлық бөлімінің рұқсатымен ғана, бағуға болады.

17. а л ы н ы п т а с т а л д ы

Ескерту. 17-тармақ алынып тасталды - Ақтау қаласы мәслихатының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 19/153 шешімімен.

18. Мал жайланған орын жайды тоқсан сайын әктеу керек және жылына кем

дегенде 1 рет дезинфекция жасау керек. Малдың көңін, жемдің қалдығын және қоқыстарды осы үшін арнайы бөлінген жерге уақытында апарып төгуі керек.

19. Малды көшелерде, алаңдарда, скверлерде, саяжайларда және басқа да ортақ қолданылатын жерлерде қыдыртуға тыйым салынады.

20. Жануарларды алып кету және алып келу тек ғана қаланың бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторының немесе оның орынбасарының рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

6. ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІ БҰРМАЛАҒАНЫ ҮШІН ЖАНУАРЛАР ИЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

21. Осы ережелерді бұрмалаған жеке және заңдық тұлғалар 2001 жылғы қаңтардың 30-ғы 155-11 "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің" (ҚРӘҚБтК) 310,311 баптарына, 2002 жылғы шілденің 10-ғы "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жауапқа тартылады.

22. Материалдық зиян келтірілген жағдайда, зардап шегуші оның өтелуі үшін сотқа шағымдануға құқылы. < * >

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - Ақтау қаласы мәслихатының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 19/153 шешімімен.